

Жақсыбайкөл негізгі мектебі 2022-2023 оқу жылы бойынша
ата-анамен жүргізілген жылдық жұмыс талдауы

Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде отбасының бала тәрбиесіндегі атқарар рөлі зор. Отбасы тәрбиесін табысты жүзеге асыру балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыруға көмек көрсетеді. Сондықтан да қазіргі уақытта отбасы тәрбиесін тереңдете отырып, әкелер мен аналардың бала тәрбиесіне байланысты жауапкершілігін арттыру қажет. Әрі бұл жұмысты отбасы мен білім беру ұйымдары арасында ынтымақтастық арқылы жүзеге асыру мақсаты көзделеді. Жақсыбайкөл негізгі мектебінде 2022-2023 оқу жылында Ата-ана, оқушы, мұғалім үштік одақ арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орының ерекше екенін түсіндіру, мектеп пен ата-аналар және балалардың өзара қарым-қатынасы мен әрекетінде бірлікке, ынтымақтастыққа жеткізу мақсатында ата-аналармен жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Жоспар негізінде ата-аналар комитетінің төрағасы сайланды. Жоспар бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Атап айтсақ: Тамыз айында әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасыларды анықтау мақсатында талдау оқушылардың отбасылық жағдайына талдау жасалды. Жыл бойына ата-аналармен бес отырыс өтілді. Ата-аналар отырысы төмендегідей.

Түрлі мәселелер талқыланды:

2022-2023 оқу жылына дайындық жұмыстары

2022-2023 оқу жылына ата-аналар комитетін сайлау;

-«Мектепке жол» акциясы, «Оқу барысының міндеті мен жауапкершілігі», Оқушылардың күнделіктеріне өзгерістер енгендігі туралы. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарын ережесіне енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды таныстыру.

-Мектептің Жарғысы мен ішкі тәртібімен таныстыру. ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту» туралы бұйрықпен таныстыру. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында түрлі үйірмелер мен спорттық секцияларға тарту. Мектептің ішкі ережесі.

-Құқықбұзушылықтың алдын-алу. «Жол ережесі» (оның ішінде жаяу жүргіншілер жолы, жолда жүру қауіпсіздігі, темір жол бойында жүру ережелері және темір жол қауіпсіздігі) «Жол көліктен жарақаттануды алдын-алу және олардың зардабын анағұрлым төмендету» жөнінде ескертулер жасау. Діни экстремистік терроризмнің алдын алу.

-Ерте жүктіліктің алдын алу

-Ата-аналардың ата-аналар жұмысына қатысымы, оқушылардың сабаққа қатысымы т.с.с түрлі мәселелер қаралып он шешімін тапты.

Буллинг және кибербуллинг фактілерілерінің алдын алу мақсатында ата-анамен ауылдық учаскелік инспекторын қатыстыра отырып түсінік жұмыстары жүргізілді.

Кездесу барысында қазіргі заманда интернет алаяқтарының түрлері мен олардың кен тараған әрекеттері туралы сөз келтірілді. Егер осындай интернет алаяқтарының құрбаны болған жағдайда дереу полицияға хабарласу керек екені айтылды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары : Ж.Шаутинов